

## Техника қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 шілде N 1154. 1-тармақтың 5) тармақшасын қоспағанда күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 286 қаулысымен

**Ескерту. 1-тармақтың 5) тармақшасын қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 286 қаулысымен.**

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жою және өнеркәсіптегі еңбек қауіпсіздігінің мәселелері жөніндегі бірыңғай ғылыми-зерттеу жүйесін құру әрі тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

- 1) "Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібінде жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік мекемесі қайта құру жолымен "Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібінде жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып;
- 2) "Шымкент химиялық технология және өнеркәсіптік экология ғылыми-зерттеу институтының жанындағы республикалық химиялық, мұнай-химиялық, мұнай өңдеу, микробиологиялық, химия-фармацевтикалық және тамақ өнеркәсібіндегі техникалық қауіпсіздік ғылыми-зерттеу орталығы" мемлекеттік мекемесі қайта құру жолымен "Республикалық химиялық, мұнай-химиялық, мұнай өңдеу, микробиологиялық, химия-фармацевтикалық және тамақ өнеркәсібіндегі қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып;
- 3) (Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.25. N 772 Қаулысымен).
- 4) "Минералдық шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны оның мүлкінің бір бөлігін бөлу жолымен, бөлінген мүлкігі оларға беріп, "Түсті металлургия кәсіпорындарына арналған техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" және "Қара металлургия кәсіпорындарына арналған техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары (бұдан әрі - Кәсіпорындар) болып;

5) "Каспий мұнай-газ" Каспий мемлекеттік ғылыми-зерттеу және мұнай-газ өнеркәсібінің жобалау институты" оның мүлкін бөлу және "Мұнай-газ өнеркәсібіндегі, мұнай және газ геологиясындағы техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.25. N 772 Қаулысымен.**

3. Кәсіпорындар қызметінің негізгі нысанасы:

- ғылым саласында өндірістік-шаруашылық қызмет жүргізу;
  - ведомстволық бағыныстылығына және олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдармен бірлесіп, техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаларды, сондай-ақ техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау қаупі жоғары жұмыстарды жүргізу мәселелері бойынша қорытындылар әзірлеуге қатысу.
4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;
- 2) Кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қолданысын.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері күшін жойды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 28 шілдедегі

№ 1154 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Мұнай өнеркәсібі қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау институтының (ҚазмұнайҒЗЖИ) Атырау филиалы жанынан техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылдың 14 сәуіріндегі № 298 Р930298\_ қаулысы" (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., № 12, 154-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының металлургия өнеркәсібіне арналған техника қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 9 қарашадағы № 1238 Р941238\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., № 45, 488-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 20 тамыздағы № 1031 Р961031\_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 22-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 35, 327-құжат).